

Абдурахманова Мафтуна Алимжановна

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс
магистранты, п.ғ.д., профессор Молдабек Қ.
Шымкент, Қазақстан*

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТА
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОММУНИКАТИВТІК СӨЙЛЕУ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ**

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған Қазақстандық Білім беру реформасының негізгі мақсаттарының бірі – жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері арқылы оқушының бойында шығармашылық ойлауды, бастамашылықты дамыта отырып, жеке тұлға тәрбиелеу болып отыр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектеп қабырғасында оқушыларға нәтижеге бағытталған білім беру арқылы олардың тұлғалық ерекшеліктері мен қасиеттері ашылатын, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру тұрғысындағы мемлекеттік саясаттың басты ұстанымдары айқындалған. Қазіргі таңда білім беру саласында қазақ тілі пәнінде кіріктірілген сабақта оқушылардың коммуникативтік сөйлеу құзіреттілігіне баса назар аударылып отыр. Оқушылардың өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым–қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге, басқа ұлт өкілдерімен қарым–қатынас диалогына түсе алуына мүмкіндік беретін қазақ тілі пәнінде кіріктірілген сабақта оқушылардың коммуникативтік сөйлеу құзіреттілік негізінен тіл мен әдебиет сабақтарын оқыту үрдісінде қалыптасады.

Қазіргі кезде қазақ тілі пәнінде кіріктірілген сабақта оқушылардың коммуникативтік сөйлеу құзіреттілігіне қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу,

сапалы және терең білім беру. Өйткені, заман талабы педагог мамандардың оқушы коммуникативтік сөйлеу құзыреттілігін арттыруына талап қойып отыр.

Ал енді сол «құзырет» және «құзыреттілік» деген сөзге тоқтала кетсек.

Құзырет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, білік, дағды, іскерлік, әрекет тәсілі) жиынтығы.

Құзыреттілік – адамның әрекетке, оның пәніне деген жеке қатынасын қамтитын сәйкес құрағыштарды меңгеруі. Мен өзім сабақ беретін сыныптарда оқушылардың коммуникативтік сөйлеу құзыреттілігінің дамуына көңіл бөлемін.

«Коммуникативтік сөйлеу құзыреттілік» (латынның «competere» – қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі, қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер оқушы сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым –қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсіне алса, коммуникативтік сөйлеу құзыреттілікті меңгергені.

Коммуникативтік сөйлеу құзыреттілік – екінші тілді үйренуші оқушыларға тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді, тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстыру.

Оқушылардың коммуникативтік сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзара ортақ бағыттары мен ұстанымдарынан туындаған жаңа бағыт. Екінші тілді үйренуде сөз мағынасын қабылдауда, пайымдауда, түсінулер, танымдық ерекшеліктерін ескеру, олардың түрлі өмірлік ситуацияларда өз ойын, пікірін жеткізу, коммуникативтік сөйлеу міндеттерді шешу, қатысымдық мақсатты іске асыруда тілдің заңдылықтары мен нормаларын орынды пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру мәселелері алдыңғы орынға шығады.

Ғалым Ф.Ш. Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым – қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре

келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым қатынасты өзара түсінушілікті көрсетеді .

Қатысымдық құзіреттілік- қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытуда меңгерілетін құзіреттіліктің бірі. Қатысымдық оқыту – тілді қарым – қатынас негізінде оқыту. Қатысымға негіз болатын екі факторды айтуға болады. Бірі – адамның өз қабілеті, екіншісі – сыртқы ықпал (сұраққа жауап беру). Тілді оқыту барысында қарым – қатынас орнату, сөйлеу жағдаятын қалыптастыру оқушылардың өзара немесе оқытушымен сөйлесуіне, сұрақтарға жауап іздеуіне құлшынысын арттыратыны сөзсіз. Сондықтан тілді оқытудың қатысымдық әдісі – қазақ тілін меңгертуде тиімді әдіске жатады. Бұл әдісте оқытудың диалог түріндегі және ойындық әдістері басым қолданылады.

Тілдік қарым-қатынас тудыру негізінде және байланыстыра оқытуда сөйлету, естіп қабылдау, оқу, жазу тілдерін пайдалану –оқытудың негізгі мәні, ерекшелігі тілдік байланыс тудыруда жүйелілік түрін (сөйлесу-диалог, әңгімелеу-монолог, диалогтағы монолог, полилог) сақтау болса, сөйлесу барысында (цикл, кезең, микро диалог) сөйлеудегі ауызекі жанры бойынша (монолог-сөйлесу, талдау, дәлелдеу пікір таласу т.б) сонымен бірге бөліп сөйлесудегі әрекет әсері және түрлі жағдай мен тақырыптар пайдалану оқытудағы түрлі өзгерістерді байқатады

Қорыта айтқанда, кіріктірілген сабақта оқушылардың коммуникативтік сөйлеу құзыреттілігінің танымдылық қабілеттері мен танымдық үрдістері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Бұның бәрі дамығаннан кейін оқушының қиялы мен ойлауы, есі мен қабылдауы, зейіні дамып қалыптасады

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жарықбаев.Қ.Б. Оқушылардың коммуникативті-сөйлеу мәдениетін дамыту жайында. Қазақ мектебі. 1967ж. №2 72 бет.